

Тәуелсіздік рәміздері



"Қазақ тілі - ғажап тіл...
Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды.
Үш тілдің біріншісі негізгісі, бастысы,
маңыздысы бола береді."

Р. Назарбаев

КӨК ТҮ



Ту – ортасында шұғылалы алтын күн астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген, сабының тұсында ұлттық өрнек нақышталған тік жолағы бар көгілдір түсті мата.

Тудың біркелкі көгілдір түсі бірігу идеясын білдірумен қатар, әркашанда бейбітшілік, тыныштық пен жарқын болашақтың белгісі саналатын бұлтсыз ашық аспанды еске салады. Геральдика тілінде көк түс пен оның реңктері адам бойындағы адалдық, тазалық, үміт сияқты қасиеттеріне сәйкес келеді. Шұғылалы алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелесе, дала бүркіті – қазақстандықтар ұғымында – дарқандық пен қырағылық, биіктік белгісі.

Қазақстан Республикасы Мемлекетік туының авторы – суретші Шакен Ниязбеков

ЕЛТАҢБА



**Қазақстан Республикасының
дербес ел ретіндегі айбынын
бейнелейтін мемлекеттік
1992 жылдың
4- маусымында ресми түрде
бекітілді**

**Оның жобасын белгілі
сәулетшілер**

Шота Уәлиханов пен

**Жандаррбек Мәлібеков
жасаган**

Мемлекеттік елтаңбамызда көгілдір түсті аспан аясында шаңырақ бейнеленген. Осы нышандарды халық ертегілеріндегі күміс мүйізді прақтардың қағылған алап қанаттары қоршай көмкеріп тұр. Рәміздік тұрғыдан Қ .Р-сы Елтаңбасының негізі- Шанырақ, ол- гербтің жүрегі.

Шаңырақ-ол мемлекеттің түп-негізі-отбасының бейнесі. Шаңырақ-киіз үйдің күмбезі.

Қанатты тұлпар- Қазақ өлеңінің өр
рухы. Ол-алыс арманның, талмас
талаптың, ұшқыр үміттің, қанатты
қиялдың жоралғысындай дала
дүлдүлі. Елтаңбаның төбесінде
көне түркізаманынан бері қастер
тұтылатын белгі-бес бұрышты
жарықжұлдыз жарқырайды

ӘН Ұран

Дербес ел болғаннан кейін Қ.Р-ның шынайы рухы мен қуатын, мақсат-мүддесін танытатын гимн қажет болды. Осы талаптарға сай Қ-ның КСР кезіндегі гимнның М.

Төлебаев, Л.Хамиди, Е.

Брусировский жаған музыкасын сақтап қалу туралы шешім қабылданды

Гимнның өлеңіне арнайы бәйге жарияланып, ақындар М.Әлімбаев, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Ж.Дәрібаевалар жазған өлеңі үздік деп табылып, еліміздің тәуелсіз кездегі алғашқы гимні 1992 жылдың 4- маусымында бекітілді.

Бертінкеле бұл гимның өлеңінің күрделілігіне байланысты етес сақтауға қиындығы көпшілік халықтарапынан жиі айтылып, сол ел-жұрттың ұсынысы бойынша музыкасын Ш.

Қалдояқов, өлеңін Ж.

Нәжімеденов жазған Менің елім әні(өлеңіне Н.Назарбаев аздаған)

Ұлтық теңгеміз

Елтаңба, Әнұран және туымызбен бірге тағы бір белгі – ұлттық теңге 1993 жылы 15 қарашада дүниеге келеді.

Тенгенің авторы қылқалам шеберлері Қайрола Ғабжалилов пен Мендібай Әли.

Адамдардың ішкі сырын білуге болады, ал теңгедегі 16-ға жуық құпия белгіні үкінін көзімен қарасаңыз да, байқай алмайсыз. Қазақстан тенгесі қазіргі ақша жасау технологиясының соңғы жетістіктеріне сүйеніп жасалған.

Біз мемлекеттік рәзімдері және ұлтық теңгемізді құрметтейміз Себебі, теңге – тәуелсіздіктің үлкен бір белгісі, әрі халық үшін XX – шы ғасырдағы үлкен жетістік.

